

«Қазақ мұнайының ардақтылары» атты өмірбаян сериясы Қазақстан Республикасының экономикасының кіндігі болып, бар саласына нәр беріп, әлемдегі мұнайлы елдердің қатарына қосылуына ерен еңбек сіңірген мұнайшы — ардагерлерімізге, олардың тәуелсіз еліміздің тарихында сақталатын өшпес есімдеріне арналған.

«Мұнайшы» қоғамдық қоры

ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ АРДАҚТЫЛАРЫ


ӨМІРБАЯН СЕРИЯСЫ

Басталуы—2006 жыл



Т. Сүйінбай

БӨЛЕКБАЙ САҒЫНҒАЛИЕВ



Алматы 2006

ББК 26.341.1

С90

С90 Бөлекбай Сағынғалиев

Талғат Сүйінбай. Алматы: Мұнайшы қоғамдық қоры, 2006, - 232 бет. - Қазақ мұнайының ардақтылары. Өмірбаян сериясы.

ISBN 9965-816-03-4

Қазақ мұнайы басшыларының бірегейі Бөлекбай Сағынғалиев туралы ғұмырнамалық хикаяттар.

Бұл кітапқа Қазақ мұнайының ардагері, үш мәрте Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, "Октябрь Революциясы" орденінің иегері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Сыйлығының лауреаты, Теңіз кен орнын бірінші ашушы, қажымас қайрат иесі, өмірге құштар жан - Бөлекбай Сағынғалиев туралы замандастарының естеліктері енген.

ББК 26.341.1

С $\frac{2503010000}{00(05)—06}$

ISBN 9965-816-03-4

ISBN 9969-9765-3-8

© «Мұнайшы» қоғамдық қоры, 2006

Сөз басы

Әуежайдың дәл бүйірінен жай алып, иықтасып жинақы салынған жатаған қалашық бірден көзге түсті...

Бұл кәдімгі атақты «Теңізшевройлдың» иекартпа бекеті екен. Іркес-тіркес ғимараттар ә дегенде америкалық еркіндіктің, тіпті, өктемдіктің ишарасындай көрінді маған. Дегенмен де ақиқат ұғымына сүйеніп ой жүгіртсек, яки, басқаша дәріптесек мұның өзі істің мүддесіне қарай ыңғайластырып, орайластырып орнықтырған өндірістік шаһар деуге жақын келетін сияқты. Өйткені, аузын айға білеген компанияның алыс-жақын шақырымдардан осылай қарай жол тартқан келім-кетім кісісі көп. Әсілінде, әрбір іс әрекеті есептеулі, қимыл-қозғалысы жинақы жандар ғой бұлар, америкалықтар...

Атыраудың әуе қақпасынан алған алғашқы әсерімнен арылып үлгермей, әлгіндегі бірінші көзге түскен қалашықтан түстеніп, жолға шықтым. Есік пен төрдей судай жаңа ауыздықпен алысып тұрған күміс түсті «Шевроле» джип, тізгіні босатылғаны сол-ақ екен, Құлсарыға қарай жер тарпып, атырыла бет түзеді.

Мидай жазық, сортаң дала, аңызак...

Сыртта ыстық жел апшыны қуырып жіберген еді, автомашинаның нағыз отанынан келген аксүйек көліктің ішінде адам жанына керектінің бәрі бар, тоназытқыш аузы-мұрнынан шығып толып тұр. Кондишннен сыбызғылап ескен тау самалындай қоңыр салқын леп тынысыңды аштырып, жаныңды рахатқа малады. Тарамыстай тартылған бидай өңді балаң жігіт

қымбат машинаны орқояндай орғытып, ащы терін алып-ақ келеді. Бұрын «Жигули» мен «Москвичтен» басқа көлік жүргізіп көрмеген ауыл баласының көңіл толқынысын іштей сезіп те келемін. Бірақ, байқаймын, бұл жайлылыққа да бой үйретіп қалған-ау өзі. Құйындатып келе жатқанына қарамастан көз талдырған түпсіз даланың о қиыры мен бұ қиырына марғау көз салып қояды. Міне, жаңа заманның қазақтары! Айлығы да әжептеуір, өмірге деген көзқарасы да басқаша. Е-е, бауырлар, Атырауға әлемдік өркениеттің пұшпағы аққан жұлдыздың жылдамдығындай болып жеткен екен!

Адамзат атаулыны аямай жан арпалысына салып қойған бұл мұнайдың қадір-қасиетін жүрегіммен сезгенмен, тек қана әлгіндей көз қуанышына масаттанған тілші басым, сол кезде... шын мәнінде, мұнайлы өңірдің толып жатқан шынайы да шытырман сырынан мүлдем бейхабар екенмін...

Менің журналистік сапарымның өзі қазақ мұнайының қызығы мен шыжығын бір кісідей рахаттанып көріп жатқан америкалық «Шеврон Оверсиз Компанидің» сол аймақтағы халыққа қол созып, көмек беріп жатқан ықыласына көз жеткізіп қайту ғана болатын.

Бәлкім, сол себептен де шығар, алып өндірістің ауласына кіргенде бұрын-соңды ұшыраспаған бейтаныс әуейі технологияларға тамсанғаннан басқа амалым қалмады. Осы арада бойымда америкалықтарға деген қызғаныш сезімінің пайда болғанын да жасырмаймын. «Неге, неге өзіміз...» деген көңілдегі қыжыл да көпке дейін басылмай қойды...

АҚШ алпауытының дайын асқа тік қасық екеніне екінші күні-ақ көзім жетті. Бәрін өз қолымызбен жасап, бәріне де өзіміздің маңдай терімізді сіңіріппіз! Содан соң ғана екі жақты келісіммен майшелпекті америкалықтардың қолына ұстатып, алдына жайып тастай салған екенбіз.

Атам қазақ өз жерінде, өзінің байлығын өзі игерген. Қажыры мен қайратына сенген, ол үшін білімі мен білігі жеткен. Қандай абырой! Әлемдегі ең озық технологиялар тізбегін ұршықтай иірген «Шевроныңыз» бұл жерде жәй әншейін... қазақтың елеулі ісін

жалғастырушы болып қана саналады. Ал Атырау бар болғаны тәуелсіз Қазақстанның өркендеу мен жаңару жолындағы алғашқы мемлекеттік қадам жасаған экономикалық аймағы. Бұл арада дауласа алмайтын және бір пақырлық жайымыз бар: ойланыңыз-шы, озықтың аты озық, өйткені, ол – А-мм-ерика! Бір тәуірі, жүз жылдан бері мұнайдың майын ішкен мұнайлы өлкенің жасы да, кәрісі де мұны жақсы түсінеді. Әрине, біліктілігінің арқасында. Бұдан он жыл бұрын болған сол уақиғаны мен не үшін бүгін еске алды дейсіз?

Сол кезде мен Доссор мен Мақатқа, Құлсары мен Қаратонға барғанда да бейне өзімді жер астында буырқана, бусана толқыған «қара теңіздің» үстінде қайықта жүргендей сезінген едім! Кейін, бертінде... сол атақты Теңіз кенішін ашқан ғажайып дарын иесі, талантты мұнайшы-инженер Бөлекбай Сағынғалиевтің өмір жолымен таныса келе мен ол қайықтың үстінен түстім...

Мұнайшылық кәсіп атадан балаға дәстүрлі түрде жалғасып келе жатқан Сағынғалиевтер әулетінің тарихына терең бойлап, тыныс-тіршілігімен етене жақын танысу арқылы менің бұл тақырыпта көзім ашылды. Қазақ мұнайымен еліміздің даңқын асырып, даңпыртын алысқа таратқан мұнайлы өлкедегі қазақтардың болмыс-бітімі көз алдымда ерекше сомдалып, шырайлана берді, айқындала берді...

ӘКЕ

*Риддер, Доссор, Қарсақпай
Донской, Балқаш, Кемпір сай...
Қаратау, Шымкент күшке енді
Балқаш, Қоңырат мыс берді...*

Жыр алыбы Жамбыл жәкем жатпай-тұрмай сан қайталай жырлаған осынау жыр шумағындағы Доссор елдімекенін ағылшын атауы шығар деп кәміл сеніп жүрген жандардың бірі мен едім. Мұнайлы өлкенің ырзығынан үлес алуға ұмтылған ағылшын мен орысты былай қойғанда, неміс пен америкалық мұнай алпауыттарының да ауыздарынан суы ағып, қазақ жеріне құлай көз сүзгені тарихтан белгілі. Атақты Альфред Нобельдің өзі Өзірбайжан асып қазақ жерінің мұнайы үшін инвестиция салғанын бұл күнде екінің бірі біле де бермес. Белгілі жазушы-журналист Жанболат Аупбаевтың Атыраудың мұнайшылар әулетінің бірі – Шырдабаевтар туралы жазған эссесін оқи отырып, осынау дерекке тап келгенімде таң-тамаша қалғанмын. Бұл туралы қазақтың бұрынғы-соңғы тарихының беттерінен оқығаныңыз бар ма? Тарихтың елеусіз-ескерусіз қалған парақтары енді-енді ашылып, құлақ естімеген, көз көрмеген құпиялар сыр тартып жатқаны бүгін ғана. Рас қой.


Риддер секілді Доссор да бір келімсектің, мейлі ол ағылшын яки неміс болсын, аты Ұлы далада тәбәрікке қалған шығар деген сол ойдан, тіпті, жасыл желекке жұтаң, көшесінде дарағы

жоқ, айналасы сортаң, құм аралас шаң суырған ауылды қиып өткенде де құтылып үлгерген жоқ едім. Алматыда тұратын белгілі қоғам қайреткері, жазушы-ғалым Жәрдем Кейкін ағам менің бұл әңгімемнің басын естігенде биязы ғана күліп, жымиғаны әлі есімде. «Бұл өзін байқаған да боларсың, сор татыған жер: Дос – адамның аты, сор – жердің кейпі, содан шыққан атау ғой» деген еді сонда ақсақал.

Менің кейіпкерім – Бөлекбай аға Сағынғалиев, міне, сол «ағылшындардың аяғы жеткен, бірақ, аты қалмаған» Доссорда туып, кіндігін кескен. Өткен ғасырдың басында, нақтылап айтсақ, 1911 жылдың сәуірінде Доссордың бүйірі тесіліп, алғашқы мұнайдың бұрқағы атқылағанда Бөлекбайдың әкесі Сағынғали ақсақалдың өзі мұрты тебіндеген балаң жігіт жасында екен. Туысынан бауырмал жан бір атадан туған ағайынды үшеудің естияры да өзі саналатын.

Жаз жайлауда Оралдың Шыңғырлауына дейін көшіп барып, Қызылқоғадан Доссорға дейін мал айдап, Бұлақта қыстауын өткізіп жүрген бұл әулеттің қоңыр төбел өз тіршілігі мен бейнеті алма-кезек астасып жататын. Сол бір жылдары елді әбігерге салып, дүрліктірген жер асты майының жай-жапсары құдық қазудың қас шебері әрі бұл аймақтың барлық құдығының мекен жайының білгірі Сағынғалиға тіпті де таңсық емес-тін. Әуелде орыстар, одан кейін ағылшындар мен немістер шыңырау суында кілегейдей қалқыған қара майды сүзіп, бет аузына албастыдай етіп жағып, жүрегі жарыла тамсанып жатқанын да өз көзімен талай көрген. Қазақтар мұндай қара қаймақпен қайығының табанын майлап, түн жамыла шырағдан жағатын. Шет жақтан ішегін тартып келгендердің аңысын аңдыған Сағынғалидің бойында құпиясы көп осы кәсіпке деген әлдеқандай бір ынтызарлық пайда болды. Бірақ, мұнайшы болу үшін де оның ұңғыл-шұңғыл қаракеттерінен хабардар болу керектігін түсініп те үлгерді.

Доссорға алғаш бұрғы салынып, құбыр қаққан сол кезеңнен бастап Сағынғали жаз жайлаудың қызығын, күздеу мен қыстаудың еңсені езегін жол машақатын бір жолата ұмытты. Өйткені,

*Сағынғали Халықбергенұлы*

осындағы өндірісшілері бар, тілмашы бар қауқылдаса-қауқылдаса келіп, қаумалай жүріп жөн білетін, ширақ жігітті аттай қалап, жұмысқа алды. Ендігі жерде Сағынғали қарамай аққан құбырдың басында алқа-котан топырлап, маңдай терін шүмектеп төгетін жандарға алыс-жақын маңдағы шыңырау құдықтан су таситын болды. Қимылы ширақ болғанмен, дене бітімі әлжуаз біткен арық жігіт таңның атысы, күннің батысы түйе жеккен арбадан түспей жүрді. Түн ауа қосынға жетіп, сүрініп жығылатын.

...Сәскеге таман ағылшындарға, намаздыгер мен намазшамның ортасында орыстар мен немістердің қосынына күніне бір рет ауыз

су жеткізетін жалғыз түйе арба осы Сағынғалидікі. Ең жақын шыңырау көш жерде болса, ең алысы Білеулідегі құдыққа дейін осы арадан дейін отыз бес шақырымдай жер. Аспан айналып жерге түсіп, аңызак ыстық желі ертелі кеш тынбай ұрып тұратын Доссордың даласында жаратқан пенденіз әншейінде бір тамшы суға зәру. Шеттен келген келімсектер жергілікті мына халықтың бейнетін көріп, дүниеде осындай көнбіс жаратылған жандар бар екен-ау деген ойдан аса да алмай жатқан да шығар. Алайда, бұл қазақтың жанына жағымды жаз жайлауы, қоңыр өлең күздеуі мен қатқыл мінез танытар қыстауы бөлек болатынын қайдан білсін олар! Қысқасы олар алыстан арбалап су таситын жас жігітті құдайдай көретінін алғашқы күннен-ақ аңғартып алды. Тілдері салақтап, көздері алақтап Сағынғалидің жолын тосып тұрғаны. Енді қайтсін, аспан айналып жерге түскен жапан далада судан басқа тіршілік нәрінің құны көк тиын құрлы болмайтынын олар түсінбегенде кім түсінеді.

Қыр қазағына ағылшындардың адырандаған қимыл-қозғалысы, алқын-жұлқын мінездері ерсі көрініп тұратын. Тіпті, өздерінен басқа жан баласына түсініксіз тілдері де құлағына түрпідей тиіп, жағымсыз естілетін. Әсіресе, неге екені қайдам, осынау сырық бойлы, екі иығына екі кісі мінгендей, еңгезердей, тотияйындай көкшіл көз, шодыр мінез шикіл сары ағылшынды суқаны сүймейтін. Әлденеге жөн-жосықсыз дарылдай күліп, күллі даланы басына көтеретін, аузын бір жаппай тынбай сөйлеп жүргеніне карағанда бейәдеп өскен біреу-ау дейтін де қоятын іштей. «Бұдан маған келер-кетері қайсы?» деген Сағынғали әдеттегі ісінен жаңылмай, міндетін адал атқарып жүріп жатты. «Адам аласы ішінде» деген рас болып шықты. Қуырдақтың көкесін әлгі шикіл сары неме көрсетті емес пе...

Әдеттегідей арбаны самал ескен төскейдегі иінге доғара қойып, етектегі қосынға жүгіріп барып келейін деген оймен, оңтайлана бергені сол еді... Желке тұсынан шалыс естілген дыбыстан шошып түсті. Әй жоқ, шай жоқ әлдекім аузы мұрнынан толған бөшкедегі суға күмп беріп, қойды да кетті. «Дені сау ма

өзінің, ауыз суды харам етті-ау, мынау доңыздың баласы!».

Арбаның үстіне қарғып шығып, қолдан қиыстырып қаққан нән бөшкенің ернеуіне жармасты. Ал керек болса, жардай болған көкшіл көз шикіл сары бөшкенің қак ортасында нардай шөгіп отыр. Үстінде лыпасы жоқ. Аспан айналып жерге түскен ыстық пен аптап желдің уытына шыдас бермеген беті пақырдың. «Аһылап-үһілеп» жаны жай тауып жатыр.

– Ой, тамыр, мынауың не зат?

Тосын дауысты елен де қылмады.

Оспадарсыздың ту сыртынан төне түскен Сағынғали тарамыс саусақтарымен ағылшынның май желкесінен алып, мытып жіберді. Су тасушының тосын шабуылын әуелде шыбын шаққан кұрлы көрмегендей сыңай танытқан ағылшынның дәуі, кенет, орнынан қопарыла тұрды. Әлдене деп түйедей бақырып қалды, сірә, май желкеге тарамыс саусақ батып та кеткен-ау шамасы!..

– Хайуан болмасаң бұл дегенің өздерің ішетін ауызсу ғой, а! – деген қазақтың сөзін ұқты дейсің бе, ағылшын арбадан секіріп түсіп асығып-аптығып дамбалын кие бастады. Әлгіндегі мұздай судан алған жан рахаты ұмытылған, екі көзі құтырған иттің көзіндей қанталап кетіпті. Жалаң аяғын тағалы етігіне қоңылтаяқ сүкқан бойы су тасушының қасына өңмендеп жетіп келді. Түкірігі шашырап, бірдеңе-бірдеңе дейді. Төне түсті. Мақтап жатпағаны анық. Мынадай тасыр әрекеттен шоршып түскен Сағынғали:

– Бұл өздерің ішетін таза су ғой... – деп айтып үлгерген жоқ, құлақ шекеден қатты тиген ауыр соққыдан мұрттай ұшты. Басы мың-шың... көзі қарауытып барып, өзі-өзіне әрең келді. Қаны басына тепті. Бұрын соңды өз бойында мұндай адуынды құбылыстың қыр көрсеткенін Сағынғали басынан өткізіп көрмеген. Бойында атасынан дарыған намысқойлығы мен қызбалығы екі бастан бар. Жұдырығын түйді. Әлжуаз балаң жігітті қалпақтай түсіргеніне дандайсыған келімсек, «қайтарымның» болмайтынына сенімді риза көңілмен, қоңылтаяқ киген етігін қайта шешіп, шұлғауын қайыра орап, кие бастаған беті екен. Абажадай мына тажалды кұр қолмен оңайшылықпен алмасын сезген. Арба үстінде шұбатылып,

бөшкеден төгілген суға шыланып жатқан тоғыз өрім түйе қамшыға қолын созды Сағынғали.

– Әй, мәлгүн!

Балаң жігіттің даусы шаңқ етіп, ащы шықты.

Ағылшын жалт қарады. Бірақ, орнынан тұрып үлгермеді... Шұбатылған сала құлаш түйе қамшы әбжыландай ыскырып барып ұзынтұраның жалаңаш майлы жонарқасын осып өтті. Жалмауызға да жан керек екен, шикіл сарының құлындаған жан дауысы шықты. Қапелімде не істерін білмей сасқалақтап қалғаны соншалық отырған орнында жер тарпып, шыр айналды. Атып тұрып, бұған қарай тұра ұмтылмақ еді, Сағынғали шалт қимылдап, дымданып, ісініп тұрған бұзау тіс қамшыны сонадайдан екі рет «шарт» еткізіп сес көрсетіп үлгерді. Жекпе-жектегі жауының қатты шошынғанын алайып кеткен көкшіл көзінен байқап қалғаны қанат бітірді ме, жас жігіт алға қарай қамшысын үйіріп, және ұмтыла берген... әлдекімнің қарулы қолы тырп еткізбей ту сыртынан қатты қапсырып ұстай алды. Шаң-шұңның арасында еңістегі ағылшынның жұмысшылары төскейге өре жүгіріп, көтеріліп қалған екен. Сояудай түйе қамшының тісі арқасына аямай батқан ағылшын екі иығын жұлып жеп, жанұшырып, ағайындарына әлденені айтып-айтып үлгерді. Тілін түсінбегенмен, айтып жатқан ымын ұққан, Сағынғали да ойын жеткізбекке әрекет етті:

– Мына оңбаған таза суға тырдай жалаңаш денесімен түсіп...

Сөзін аяқтап үлгермей, ол ауыр соққыдан құлап түсті. Ары қарай ештеңе де есінде жоқ...

Зіл батпан болып қорғасындай ауыр тартқан денесін қозғай алар емес. Көнектей болып ісіп кеткен ернімен топырақ сүйіп жатыр екен. Қиыршық құм кіріпті аузына. Әрең түкірді. Арада қанша уақыт өткені беймәлім. Есін ептеп жинай бастады. Тұла бойы дір етті. «Орыстар бүгін ауызсусыз қалды...» Зіл батпан денесін қозғай алмай тағы бір шама жатты. Тегі денесінде соққы тимеген жер жоқ-ау шамасы. Атаңа ғана нәлеттер, жабылып соққыға алған екен де! Тәлтіректеп әрең дегенде, орнынан тұруға әрекет жаса-

ды. Алдымен қос қолдап арбаға сүйенді. Оң қабырғасы ашығанда жанын көзіне көрсетіп барады. «Сынып кеткеннен сау ма өзі...» Ызаға қатты булыққан балаң жігіт шарасыздықтан көзінің жасын сығып алды. Мынау қырдағы ауылға осы бойымен жетіп барып, ағайындарына зарын төксе қайтер еді? «Сен тұр, мен атайын» деп тұрған қызу қанды бауырлары, күллі ауыл мына сойқанды аяқсыз қалдырмас еді. Бұрғы басындағы ағылшынның түз тағысын үркітпекке әкелген бердеңке мылтығы да келімсектердің жандарын сақтай алмас еді. «Аттандап» атқа қонғанда ағайындарының қандай қауқар көрсетерін Сағынғали жақсы біледі... Құбырдың басында, сонда ғой, сонда... не топалаңның болатынын көз алдына елестеткен жас жігіт ауырсынған денесін әрең қозғап қойып, тағы бір шама тапжылмастан тұрды. Жеткіншек бір жағы әлжуаздығына қорынды. Әйтсе де, кенет, оның көз алдына шикіл сарының жапан даланы жаңғыртып жан дауысы шыққан көрініс елес берді. Жауының жонында ұмытылмастай белгі салғанына іштей масаттанып қойды. Күллі денесінің ауырғанына қарамастан балаң жігіт риза көңілмен жымынып та алды. Қабырғасы сыздап, қатты ауырып тұр... жан-жағын шолып, қамшысын іздеді. Көзіне түспеді... Етекте жұмысшылардың жалғыз мотордың даусына қосылып шыққан дабыры еміс-еміс естіледі. Қаранар бейшарада не жазық. Малдың аты мал. Ошағанын шайнап, мылқау кейпімен оттап тұрған беті мынау. Иесінің кыл үстіндегі тағдырымен де ісі жоқ. Арбаға күшпен сүйретіліп әрең дегенде мінген Сағынғали «шуу» деп, қара нарға баяу, сыбырлап тіл қатты.

Мойнын ауырсына бұрып төмен жаққа әрең деген де көз қиығын салды. «Өңшең атасы бөлек иттер, жалғыз өзіме шиіе бөріше жабылғандарын қарашы бұлардың, а? ».

Күллі ағылшын қыр үстінде баяу қозғалып бара жатқан түйе арбаға көз алмай қарап тұр екен...

Ертесіне бірінші кезекте су орыстарға барды.

Бет ауызының тамтығы жоқ, әрең қозғалып келген су тасушының кейпін көрген орыстар жаппай қарқылдап күліп алды. Балаң жігіт бұған намыстанып қалды. Күліп алды да, су сұрап бәрі жапа-

тармағай бөшкеге бас қойды. Орыстардың арасында қазақша жап-жақсы тіл сындыратын Астраханның үрпек бас, бұдан әлдеқайда ересек бір жігіті бар еді.

– Олар сені мынау жуас түйе тепті ме, әлде мынау «жүрдек» арбадан жел ұшырып кетті ме екен, деп күліп жатыр, – деген Гриша.

Жас жігіт болған жайды бастан-аяқ баяндап берді. Көлденен сұрақ қоймаған Гриша да мән жайға жап-жақсы қаныққан секілді.

Жігіттер күлкісін тиды.

Сол күні түс ауа Гриша қасына және бір жігітті ертіп, Сағынғалидің арбасымен ағылшындар бұрғы салып жатқан қосқа келді. Жас жігітті қолынан жетектеген күйі топтанып тұрған жұмысшылардың алдына шықты. Ағылшындар да тез арада даурығып, шаң-шұң айқайласқандай боп жатыр. «Ылғи ғана жымып, жайдары жүретін Гришаңыз бір жүрек жұтқан жігіт болды!» Осы жерде мінез танытты, дауысын көтере-көтере сөйледі. Екі жақтың ойын бір-біріне жеткізетін тілмаш та табыла кетті.

Мынадай төтенше қонақтардың тосын сапарын жақтырмаған ағылшындар жағы алғашында өздеріне шаң жуытпай даурығыса айқайға басқан. Бірақ, Сағынғалидің байқағаны, Гришаның маңдайының тамыры білеуленіп шыққан қатқыл сөздерінен кейін өздерінің жүндері жығылып, сөздері үйлеспей қалған секілді. Не керек, бұл құр айғай көпке созылған жоқ. Не айтса да, Гриша ағылшындардың жетесіне бірнәрсені жақсылап жеткізген сықылды...

Қызық болды! Ағылшындар жағы айып пұл деп арбаға бір қап ұн мен жарты қап қант әкеліп салды. Азын-аулақ кездемесі және бар. Екі жұманың аяғында ғана қолына санап беретін қара бақырды, маңдай тері – жалақысын да сыңғырлатып мерзімінен бұрын Сағынғалидің қолына ұстата берді. Тек су тасушы жігіттің көзіндей көретін бұзау тіс қамшысы қайтпады. Әлгіндегідей екпіннің буымен Сағынғали Гришаға сыбырлап, жоғалған қамшысының сабын даулаған. Бірақ, ағылшындар арасында қамшыны көрдім-білдім деген жан жоқ болып шықты. Шикіл сары ұн-түнсіз, жақтырмағандай одырая бір қарап, теріс айналды.

Иен даладағы қазақ пен ағылшынның айқасы осылай аяқталып, мәресіне жетті... Уақыт көші тоқтамай, жүрісінен жаңылмай алға тарта берді.

Жас емес пе, тән жарасы да, жан жарасы да жазылды. Тек, кейде бір ауыр жүк көтергенде, арбадан оқыс секіріп түскенде Сағынғалидің оң жақ қабырғасы «шым» етіп ауыратыны бар еді. Төскейді жайлаған ауылға барып сынықшыға қаратуға уақыт тапшы. Інісінің амандығын білуге бір келген немере ағасына ағылшындардан түскен олжасын тапқан жалақысымен қосып, түп-түгелімен үйге беріп жіберді. Болған оқиға туралы ешкімге тіс жармады да...

* * *

Бұл өзі Ембі аймағында мұнай өндірісінің ұлғайып, канат жайып келе жатқан тұсы еді. Әуелде Ресейдің бір киырында ел көтеріліп, төңкеріс жасапты деген жел сөз Жайық асып жетті. Төңкерістің жалынының шарпуы осылай қарай бет алыпты деген қаңқудың өтірігі жоқ секілді, өйткені, келімсектердің зәре-құты қалмағаны олардың әбіржіген бет-әлпетінен байқалып қалды. Кәрі Теңіздің жағалауындағы нән кемелерге арбалап та, дорбалап та тынбай тасымалданып жататын «мұнай керуені» табан астында тоқтады. Ағылшындардың алдыңғы легі еліне қайта бастады. Құр қайтқан жоқ, нағыз сұмырайлар солар екен. Жұрт көзінен тасада ұңғы біткеннің аузын тығындап, құбырларды қиратып, айналаны жып-жылмағай, тып-типыл етті...

Ақ гвардияшылар жағына өткен орыстар олардан да асып түсті. Бар байлықтың уысынан сусып шығып бара жатқанын байқаған кешегі қожайындар ұңғылардың өңешіне құм құйып, тас төгіп қана қоймай, қолдағы барлық құжаттарды жоқ етті дейді тарих кешегі күннің сол күркірі қақында.

Доссор мұнайына ынтыққан шетелдіктер тарапынан тек 1914 жылдың өзінде ғана 50 мыңнан астам өтініш түскен екен

дейді. Ондаған мұнай серіктестіктері мен фирмалар құрылған. Кәсіпкерлердің бір қатары Ескене мен Қарашүңгілге, Мақат пен Білеуліге, Сатыбалды мен Тегенге бұрғы салып үлгерген. Тек сол жылдардың ішінде ғана аймақтағы скважинаның ұзын-саны 166-ға жетіп жығылыпты. Алайда, саны бар болғанымен сапасының жайы өндірістік талаптарға жауап бермейтін бұл мұнай құдықтарының қарапайым ғана геологиялық негізді дәлелдемелері жоқ болатын. Келімсек алпауыттар ашқарақтана, ынсапсыз әрекет көрсетіп, қалайда көбірек, молырақ қарпып қалу жағын ғана ойлады. Шетелдіктердің мұндай жаппай жасаған берекесіз, жыртқыштық қылықтарына жаңадан құрылған Кеңес өкіметі тосқауыл қойды. Тарих Ембі аймағындағы мұнай кәсіпшілігінің жан-жақты дамуын тек қана пролетариат көсемі Владимир Ильич Лениннің есімімен байланыстырады. Өңірді ақ гвардияшылардан тазартқан соң Жайық пен Ембі арасындағы жер қойнауын игеруді жас мемлекет өзінің алдына аса маңызды тапсырма етіп қойды. Бұл 1920 жыл еді. Лениннің сол идеясының ұшқыны араға он жыл салып барып шын мәнінде жүзеге аса бастады. Осы жылдар ішінде Қазақстанда тұңғыш «Ембімұнай» деген атауы бар арнайы ұйым шаңырақ көтерді. Мұнайға қатысты барлау, іздестіру мен қатар кәсіпшілікті өркендету шараларымен ендігі жерде тек осы мекеме ғана тікелей айналысатын болып бекітілді. Ембі жері бәрін де жаңадан бастауға мәжбүр еді...

Лениннің өлгеніне бір жыл толғанда Доссор мен Мақатта жаңа сипаттағы бұрғылау жұмыстары басталды. «Ембімұнайдың» қызметі мұнымен тоқтап қалған жоқ, мұнай қоры бар жаңа алаңдарды тынбай іздестірді. Көп кешікпей Доссордың дәл түбінен Тасқұдыққа, одан соң Төлегенге бұрғы салынды...

Жас Кеңес өкіметінің Ембіге, Ембінің мұнайына назары ерекше ауды. Соның есесіне Ембі мен Жайық арасындағы алқап жаңа өкіметке арнап өнімді еселеп беруге дайын еді. Қазақ мұнайшыларының алғашқы легі, тұңғыш қарлығаштары бұрғының құлағын өздері ұстай бастады. Батыс Қазақстанда қалыптаса бастаған қазақ жұмысшы табының өкілдері комму-

нистік партияның мүддесін қорғауға әзір екенін байқатты. Бұл кезде су тасушылықты қойып, тікелей өндірістің қара жұмысына араласып жүрген Сағынғали да көп нәрседен ой түйіп, бірсыпыра жайттардан хабардар болып қалған. Інілері Шәрімғали мен Дәрімғалиды тәу Орск жағынан көшіріп әкелді де, бірден мұнайға салды.

Сондай ауқымда атқарылған қара жұмыстың аяқсыз қалмағаны да – Мақат мұнай кәсіпшілігінің өндірісі Доссор кенішінен асып түсті. 1933 жылдың ішінде Мақаттан 97 мың тонна мұнай шығарылыпты...

«Атқан оқтай, шапқан аттай» уақыттың жүздегін айтсайшы. Осы екі арада Сағынғали Халықбергенұлы да отау құрып, үйлі-баранды болып қалған. Ел еңсесін енді көтеріп, жер-ананың игілігін көрем дегенде кешегі өндірістің басында бірге жұмыс жасаған, өзі ауызсу тасыған неміс деген халықпен, Германиямен соғыс басталды.



Әкесі Сағынғали Халықбергенұлы мен анасы Зияда Сәменбекқызы